

Шетелдік ғалым, профессор Римантас Желвистың дәрісі

2018 жылдың 23-26 қазан аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Педагогика және психология кафедрасында Литва педагогикалық ғылымдар университетінің ғалымы, профессор Римантас Желвис дәріс өткізді.

«Жаһандану жағдайындағы білім беру» тақырыбында өткізілген дәріс «БМ010300-Педагогика және психология» мамандығы аясындағы «Білім берудегі менеджмент» эксперименталды топ магистранттарына арналған «Академиялық оқулар» іс-шарасы аясында ұйымдастырылды. Дәріс мазмұнында «Жаһандану және білім беру», «Білім менеджерлерінің кәсіби карьерасы мен оған даярлау», «Күзінеттілік тұғыр және білім менеджерлерінің күзінеттіліктері», «Болашақ білім берудегі басты мәселелері» және т.б. сұрақтар қарастырылды. Тыңдаушылар дәрістердің практикалық бағыттылығын атап өтті.

Сонымен қатар профессор «БМ010300-Педагогика және психология» мамандығының докторанты Айнұр Рахымбердиеваның шетелдік ғылыми кеңесшісі ретінде «Болашақ білім беру жүйесі менеджерлерін даярлау» тақырыбы бойынша кеңес берді.



